

Электр жарығынан және тұрмыстық электр жылытқыш қондырғылардан болатын өрттердің алдын алу. Электрден болатын өрттердің негізгі себебі-ол қысқа тұйықталу, желінің шамадан тыс жүктелуі. Осындай болмау үшін электр сымдарын жөн жағдайда ұстау керек, ал қысқа тұйықталудан және желінің торда шамадан тыс жүктелуінен (бірнеше электрқондырғыларды бірден қосу) болатын өрттердің алдын

сымдарының шамадан тыс жүктелуіне және қызуына мүмкіндік береді. Оқшаулау тұтанып, от сым арқылы әртүрлі заттарға таралады. Егер дұрыс қолданбаса, өрт тек бір ғана электржылытқыш қондырғысынан (үтік, шайнек, жылытқыш, т.б.) да пайда болуы мүмкін. Сондықтан желіге қосылған қондырғыларды қараусыз қалдыруға болмайды және олардың қарауын кішкентай балаларға тапсыруға болмайды.

Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі

алу үшін тарату қалқаншада міндетті түрде заводта жасалған сақтандырғыштар болуы қажет. Егер электр желісіне жуан сымнан қолдан жасалған сақтандырғышты қосса, онда қысқа тұйықталу кезінде ол ерімейді. Олай болса, "қорғанысы" істемейді және желі тоқтың астында қалады. Осындай жағдайда сымдар ерігенше қызады, оқшаулауы тұтанады, от айналадағы жанғыш заттарға таралып, өрт басталады. Сондықтан ерқашанда тек заводта жасалған сақтандырғыштарды қолдану қажет. Қысқа тұйықталу электрсымда да болуы мүмкін. Сондықтан ол жөн жағдайда болуы керек. Өрт электр шамынан да болуы мүмкін, оның вольфрам сымы қызған кезде көп жылу шығарады. Өрт болмау үшін электршамдар қағаз және мата абажурларға тимеуі қажет. Өрттер заводта жасалған тұрмыстық электрқондырғыларынан да жиі болады. Егер электр желісіне бірнеше осындай қондырғыларды бірден қосса, онда ол электр-

Қондырғыны жанғыш заттардың үстіне қоюға болмайды, сонымен қатар перделер, ағаш қалқа және т.б. оңай жанғыш заттардың қасында қосуға болмайды. Пештердің жөнделмегендігінен болатын өрттердің алдын алу. Пешті жағудың өрт қауіптілігі неде? Отынды жаққан кезде пештің ішіндегі температура 600-800 градусқа дейін жетеді, одан пеш қабырғалары және түтіндік қатты қызады. Егер ғимараттың ағаш бөлшектері (арқалық, қалқа, еден, төбе және басқа жанғыш құрылымдар мен материалдар) пештің қабырғаларына және түтіндікке тығыз тиіп тұрса, кірпішпен тиісті бөлу болмаған жағдайда-онда олар жануы мүмкін.

Қанат АҚБАЕВ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.
Мырзахан ҚОЖАХМЕТОВ,
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

Дала, орман өрттерінен сақ болайық!

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары бәрімізге белгілі, дала орман өрттері табиғи немесе жасанды болуы мүмкін.

Табиғи дала орман өрттері найзағайдың әсерінен, күннің қатты яғни 40-45 С қыстығының әсерінен құрғақ шөптердің өздігінен жануы мүмкін себебі олардың тұтану температурасы жоғары болады;

Жасанды дала орман өрттері адамдардың күнделікті өрт қауіпсіздік ережесін сақтамағандықтан пайда болатын өрттер. Адамдардың шылым шегіп толықтай сөндіріп тастап кеткенінен, кішкентай балалардың сіріңкемен ойнау нәтижесінде және шаруашылық иелерінің ауыл шаруашылық техникаларында өрт қауіпсіздігін сақтамау, себебі от басқышсыз жүруінен пайда болуы мүмкін.

Шаруа қожалық иелері өздерінің егістік алқаптарының айналасына минералды жолақтар жүргізуі қажет;

Барлық ауыл шаруашылық техникалары ұшқын ұстағыштармен, екі дана өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы тиіс;

Мал азығын даярлау, егін ору кезінде шаруа қожалық иелері бірігіп ортадан бір өрт сөндіру арналған соқалы тракторды кезекшілікке қою шараларын ұйымдастыру қажет;

Дала, орман өрттерінің алдын алу шараларында, орманның аса өрт қауіпті аймақтарына адамдар мен техникалардың кіріп шығуына шектеу қоюға;

Дала, орман өрттеріне қарсы өзара бірлескен іс-қимыл жоспарын жасап, орман қоры жерімен шекаралас аймақтарда өрт қауіпті маусымы кезінде ауыл округі бойынша ерікті өрт сөндіру жасақтарын ұйымдастырып, құрамы бекітіліп дайын болуы қажет;

Ауыл әкімдіктеріне шекаралас орналасқан орман қоры жерлеріне өрт сөндіруге бейімделген және жанар-жағар маймен қамтамасыз ітілген техникалар жасақталып дайындықта тұруы керек;

Бидай немесе шөп ору науқанында желді күні ору жұмыстарын тоқтатуын қамтамасыз ету қажет.

М.ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.
З.АЛШЕРОВ,
М.Фабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясының 3 курс курсанты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ЖШС "КАТКО" Қазақстандық-француздық бірлескен кәсіпорны, Мойнқұм кен орнының №1 "Южный" және №2 "Төртқұдық" өнеркәсіптік алаңдарына арналған эмиссиялар нормативтерінің жобалары бойынша ашық жиналыс үлгісінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 22 тамызда сағат 11:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты а.о., Тасты ауылы, Аманкелді Иманов көшесі, 15 үй, Әкімдік ғимаратында өтеді.

Жоба бойынша құжаттама <https://ecportal.kz/> Бірыңғай экологиялық порталда және «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын электрондық нысанда мына мекенжайға жолдай алады: a.erkebai@ontustik.gov.kz, қағаз түрінде: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала ш/а, 32-көше, 20. Тел. (72533) 5-98-44, Еркебай А.М.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: ЖШС "КАТКО" Қазақстандық-француздық бірлескен кәсіпорны, 161003, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты а.о., Тасты ауылы, 060 кварталы, 44 ғимарат

БСН: 981040001439. Тел.: +7 7023386184. e-mail: marina.buranova@orano.group

Басшы – Бастьен Паскаль Мишель
Жобалық құжаттаманы әзірлеген: ЖК Рыженко А.Н., Шымкент қаласы, Майлы Қожа көшесі, 59, байланыс: тел.: 87026611651, e-mail: alex_291281@mail.ru

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар видеоконференцбайланыс арқылы өткізіледі.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 6165408596

Кіру коды: 123456
Учаске орталығының географиялық координаттары: 44 30'29.95"С, 69 12'27.58"Ш

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Казахстанско-французское совместное предприятие «КАТКО» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектам нормативов эмиссий для промышленных площадок: участка №1 «Южный» месторождения Мойнқум, участка № 2 «Тортқудук» месторождения Мойнқум ТОО СП «КАТКО»

Общественные слушания состоятся 22 августа 2024 года в 11:00 часов по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Тастинский с.о., с.Тасты, ул. Аманкелді Иманов, д 15., здание сельского Акимата

Документация по проекту размещена на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/> и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» в разделе «Общественные слушания».

Общественность может направить свои замечания и предложения в электронной форме по адресу: a.erkebai@ontustik.gov.kz, в бумажной форме: Туркестанская область, г.Туркестан, мкр. Новый город, улица 32,20. Тел. (72533) 5-98-44, Еркебай А.М.

Инициатор деятельности: ТОО «Казахстанско-французское совместное предприятие «КАТКО», 161003, Республика Казахстан, Туркестанская область, Сузакский район, сельский округ Тастинский, село Тасты, квартал 060, здание 44.

БИН: 981040001439. Тел.: +7-702-453-4565. e-mail: marina.buranova@orano.group

Руководитель – Бастьен Паскаль Мишель
Составитель проектной документации: ИП Рыженко А.Н., г. Шымкент, ул. Майлы Қожа, 59, контакты: тел.: +77026611651, e-mail: alex_291281@mail.ru

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайной ситуации социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся посредством видеоконференцсвязи.

Ссылка на онлайн-подключение: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 6165408596

Код доступа: 123456
Географические координаты центра участка: 44қ30'29.95"С, 69қ12'27.58"В

Шомылу кезінде жұқпалы аурулардан сақтанайық!

Жаздың ыстық күндерінде сергітудің бір жолы – шомылу. Су – адамның жақсы досы және одақтасы, ол демалуды тиімді пайдалануға және денсаулықты нығайтуға көмектеседі. Алайда, қоғамдық демалыс орындарында жұқпалы аурулардан сақ болу керек. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының статистикасына сәйкес, аурудың 85%-ы су арқылы таралады.

Сонымен, шомылу орындарында қандай ауруларды жұқтыру қаупі бар? Біріншіден, бұл әртүрлі тері аурулары, энтеровирусты инфекциялар, «А» гепатиті және басқалары.

Жазда серозды менингит ауруының маусымдық өсуі байқалады. Серозды менингит – бұл ми мен жұлынның жұмсақ қабығының қабынуы. Ашық су айдындары мен бассейндерде шомылу кезінде серозды менингитке шалдығу ықтималдығы өте жоғары.

Айта кету керек, егер сізде терінің зақымдануы болса –

шомылу орындарына бармағаныңыз жөн, асқынып кетуі мүмкін. Сарапшылар, сонымен қатар, 2 жасқа дейінгі баланы бассейнге жібермеуге кеңес береді. Себебі хлорланған су баланың терісіне теріс әсер етіп, тыныс алу жолдарының қабыну ауруларын, демікпені тудыруы мүмкін.

Демалыс орындарына барған кезде келесі қауіпсіздік шараларын сақтау қажет:

- санитариялық ережелердің талаптары сақталмаған жерлерде, сондай-ақ жарқақат алу қаупі бар жерлерде «шомылуға тыйым салатын белгілер» болуы керек, бұл белгілерді жергілікті атқарушы органдар орнатады;

- шомылу аумағының жай-күйіне (тұрмыстық және құрылыс қалдықтарының бар-жоғына) назар аудару қажет, демалғаннан кейін қалған тұрмыстық қоқыстарды тазалауды және арнайы контейнерлерге тастауды ұмытпау

керек;

- жағажайда су асты ағысы бар жерлерден аулақ болған жөн. ересектер балалардың қалтқылардан асып кетпеуін қадағалап және оларды үнемі бақылап отыруы керек;

- жәндіктердің шағуынан қорғану үшін жәндіктерді тежейтін және жотын құралдарды (репелленттер мен инсектицидтер) қолдану ұсынылады;

- жылу соққысы мен күннен күйіп қалудың алдын алу, бас киімді пайдалану, жасына сәйкес күн қорғанысын қолдану қажет;

- шомылу және демалу үшін арнайы шомылу орындарын таңдаңыз, өйткені олардағы су мониторинг барысында бақыланады.

Осы іс-шаралардың сақталуын қадағалаңыз, ауру қаупі азайып, жаздың шуақты күндері тек жақсы әсер қалдырсын!

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілшілер-
Нұржанал Майусова
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріші-
Багила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігінің және желілік басшылығымен есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.